


«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B04110 Экономика

код және білім беру бағдарламасының атауы


Дәрежесі: бакалавриат



«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
 Директорлар кеңесімен бекітілген «02» 04 2025 ж.
 хаттама № 8


«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
 Ғылыми кеңесімен ұсынылған «28» 05 2025 ж.
 хаттама № 8

Астана-2025

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Келісу парағы	4
1 Білім беру бағдарламасының паспорты	5
2 Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы	5
3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар	6
4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)	6
5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы	7
6 Білім беру бағдарламасы мен модульдердің оқыту нәтижелері	9
7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің қол жеткізілуінің өзара байланысы	14
8 Модуль шеңберінде оқытудың жоспарланған нәтижелерін бағалау технологияларымен және оқыту әдістерімен үйлестіру	33
9 Кәсіби стандарттардың еңбек функцияларына білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін сәйкестендіру	38
10 Түлек моделі	42
11 Типтік оқу жоспары (БББ-ға қосымша)	43
12 Сараптамалық қорытынды	48


Қ.Құлажанов атындағы «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	

Алғы сөз

«6B04110-Экономика» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген. Жоғары білімнің/жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленген, сондай-ақ 26.12.2019 ж. бекітілген №263 «Фирманың ресурстарын жоспарлау және талдау саласындағы қызмет», 26.12.2019 ж. бекітілген №263 «Жобаларды басқару» кәсіби стандарттары негізінде әзірленген.

«6B04110-Экономика» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «27» 03 Академиялық сапа жөніндегі кеңес мәжілісінде мақұлданданған, хаттама № 4

Төраға Л. К. Байболова
Аты-жөні, тегі


Қолы

«6B04110-Экономика» білім беру бағдарламасы 2024 жылғы «20» 12 факультеттің Академиялық сапа жөніндегі комиссиясының мәжілісінде келісілген, хаттама № 3


Төраға К.С. Мустафаев
Аты-жөні, тегі


Қолы

«6B04110-Экономика» білім беру бағдарламасы 2024 жылғы «19» 12 «Экономика және басқару» кафедрасының мәжілісінде әзірленген және талқыланған, хаттама № 5

Кафедра меңгерушісі м.а Мақыш М.К.
Аты-жөні, тегі


Қолы

Қ.Құлажанов атындағы «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	Басылым 4	

Келісу парағы

Білім беру бағдарламасы 6B04110-Экономика
(БББ коды және атауы)

МАҚҰЛДАНДЫ:

Академиялық мәселелер
жөніндегі проректор


Э. Аскарбеков
технология және бизнес университеті» АҚ
**ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК
БӨЛІМ**
МО

" 27 " 03 2025 ж.

БББ басқармасының басшысы


Б. Баядилова
МО

" 27 " 03 2025 ж.

Өндірістік-техникалық бөлім
«Астана қаласы «Алматы»
ауданы әкімінің аппараты» ММ
құрылымдық бөлімшесінің
жетекшісі


МО

А.Бисегулов

" 18 " 12 2024 ж.

«Ұлы дала» ауыл бизнесін
дамыту ассоциациясы РҚБ
Президенті


МО

А.Бекмурзаева

" 19 " 12 2024 ж.

Астана қаласы «Нұра» ауданы
әкімінің орынбасары


МО

А. Абсеметова

" 18 " 12 2024 ж.

«АхАл» ЖШС
директоры


МО

Г.Обарбасова

" 18 " 12 2024 ж.

«СТЛ» ЖШС бас есеппші


МО


Д. Бейсимбаева

" 18 " 12 2024 ж.

ЭК-222 топ білім алушы

А. Оспан

" 18 " 12 2024 ж.


«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	

1 Білім беру бағдарламасының паспорты

Халықаралық білім берудің стандартты жіктемесі (ББХСК) бойынша деңгейі	6
Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) бойынша деңгейі	6
Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) бойынша деңгейі	6
Білім беру саласының коды және атауы	6В04 Бизнес, басқару және құқық
Дайындау бағыты	6В041 Бизнес және басқару
Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі және атауы тобы	В046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі
БББ коды және атауы	6В04110 Экономика
БББ бейіні	Жоғарғы экономикалық білім беру
БББ мақсаты	Құзыреттілік тәсіл мен көптілділікке, оқытудың инновациялық технологияларын пайдалануға негізделген білім беруді іске асыру. Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіпорындардың жұмыс істеуінің қаржылық-шаруашылық проблемалары туралы түсінікке ие, экономикалық объектілердің қызметін талдай алатын, қазіргі бизнес-процестермен бірге жүретін экономиканың қарқынды инновациялық дамуында қажетті білімге ие бакалаврларды дайындау.
БББ аяқтау өлшемі	240 академиялық кредит
БББ оқу тілі	орыс, қазақ
БББ айрықша ерекшелігі	-
Серіктес ЖОО	-

2 Білім беру бағдарламасын бітірушінің біліктілік сипаттамасы

Берілетін дәреже	«6В04110 Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша бизнес және басқару бакалавры
Кәсіби қызмет саласы	<ul style="list-style-type: none"> - әртүрлі салалар мен меншік нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың экономикалық, қаржылық, маркетингтік, өндірістік-экономикалық және талдамалық қызметтері; - мемлекеттік және квазимемлекеттік құрылымдар, мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдары; - әлеуметтік-гуманитарлық саладағы консультациялық және сараптамалық қызметтер; - экономикалық процестерді реттеу және дамыту саласындағы инновациялық және жобалық қызмет; - сыртқы экономикалық және логистикалық қызмет.
Кәсіби қызмет түрлері	<ul style="list-style-type: none"> - ұйымдастырушылық-технологиялық қызмет; - есептік-экономикалық қызмет; - өндірістік-басқару қызметі; - жобалық қызмет; - аналитикалық қызмет;

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	


	- аналитикалық қызмет; - ғылыми-зерттеу қызметі.
Кәсіби қызмет нысаны	меншіктің барлық нысандарындағы және ұйымдық-құқықтық нысандардағы кәсіпорындар; кәсіпорындардың құрылымдық өндірістік және функционалдық бөлімшелері; мемлекеттік және жергілікті басқару органдары; қаржылық, маркетингтік, экономикалық және талдамалық қызметтер; жобалау және консалтингтік ұйымдар; сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру; білім беру мекемелері мен ғылыми-зерттеу институттары; инфрақұрылым, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану объектілері болып табылады.
Кәсіби қызмет міндеттері	- ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы бастапқы деректерді жинау және өңдеу; - мемлекеттік және салалық даму бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; - өндірістік бағдарламаларды, даму стратегиялары мен инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету; - типтік әдістемелер мен қолданыстағы нормативтік-құқықтық база негізінде экономикалық тиімділік есептеулерін жүргізу; - жоспарлау, болжау, ресурстарды, шығындарды, жабдықтауды, логистиканы және сатуды басқару; - кәсіпорынның нарықтық стратегиясын қалыптастыру және дамыту; - еңбекақы төлеу, нормалау және тиімділікті арттыру тетіктерін жетілдіру; - сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру және сүйемелдеу; - жобалық және жобалау алдындағы құжаттаманың талаптарға және халықаралық стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан сараптамаға қатысу; - кәсіпорынның қаржылық-экономикалық қызметі туралы есептілік жасау.

3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар

Цикл және пән атаулары	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
Жалпы білім беру пәндері циклы (ЖБП)	56
Міндетті компонент	51
Жоғары оқу орны компоненті	5
Базалық пәндер циклы (БаП)	89
Жоғары оқу орны компоненті	37
Таңдау компоненті	50
Кәсіптік практика	2
Бейіндеуші пәндер циклы (БеП)	87
Жоғары оқу орны компоненті	10
Таңдау компоненті	60
Кәсіптік практика	17
Қорытынды аттестаттау	8
Барлығы	240

4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)


4.1 Minor «Жасанды интеллектті қолданудың заманауи аспектілері»

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	

Пәндердің атауы	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
Жасанды интеллектке кіріспе	5
Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу	5
Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект	5
Барлығы	15

5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы «БВ04110 Экономика»

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ОНЖББҚ1	Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік позициясы салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады
	ОНЖББҚ2	Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады
	ОНЖББҚ3	Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді
	ОН1	Негізделген шешімдер қабылдау, жобаларды әзірлеу және кәсіби қызметті ұйымдастыру үшін экономикалық, құқықтық және қаржылық құралдарды қолданады
	ОН2	Ұйымның тиімділігіне ішкі және сыртқы факторлардың әсерін талдау үшін экономикалық теория, микро, макро және халықаралық экономика құралдарын, ғылыми зерттеу әдістерін қолданады
Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	ОН3	Заманауи цифрлық технологияларды, ақпаратты өңдеуді, жасанды интеллектті кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында қолданады
	ОН4	Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің бастапқы деректерін және сыртқы ақпаратты жинаудың, талдаудың және өңдеудің экономикалық және статистикалық әдістерін қолданады
	ОН5	Өнімді өндіру мен өткізудің, инвестициялау мен өнімнің жаңа түрлерін, прогрессивті техника мен технологияны игерудің шығындарын есептеуді жүзеге асыра отырып, экономикалық процестерді талдайды
Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	ОН6	Жекелеген салалар мен қызмет салаларының проблемалары бойынша экономикалық ақпаратты талдайды
	ОН7	Ұйымның ресурстарын оңтайлы пайдалана отырып, қаржы-шаруашылық, өндірістік және коммерциялық қызмет жоспарларының (бизнес-жоспарларының)

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	


		экономикалық бөлімдерін әзірлейді
	ОН8	Басқару шешімдерін қабылдау және бағалау, экономикалық, қаржылық және ұйымдық - басқару модельдерін құру кезінде ақпаратты сандық және сапалық талдау құралдарын пайдаланады
	ОН9	Ұйым қызметінің заңдылығын уақтылы түзетуді және сақтауды қамтамасыз ете отырып, зерттеудің экономикалық-математикалық әдістерін, қаржы-экономикалық, бухгалтерлік және статистикалық есептілікті талдау, бағалау және мониторингілеу әдістемелерін қолданады
	ОН10	Тұрақты даму факторларының, экологиялық тәуекелдердің, тіршілік қауіпсіздігі деңгейінің, институционалдық, нарықтық және аумақтық инфрақұрылымның жай-күйінің Ұйымның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және стратегиялық шешімдер қабылдауға әсерін бағалайды.
	ОН11	Ағымдағы экономикалық жағдайды ескере отырып, бизнесті жүргізудің тиімді әдістерін қолданады, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызмет бағыттарын таңдауды анықтайды
	ОН12	Нақты болжамдар мен оңтайлы даму жоспарларын және ұйымның стратегияларын әзірлейді

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01 - 18-2025	
	4 басылым	
Білім беру бағдарламасы		



6 Білім беру бағдарламасы және модульдердің оқу нәтижелері

Мамандық кәсіптік-техникалық бағдарламаның білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері (Soft skills)	Модуль ағауы	Модуль ОН	Оқыту нәтижелерін қалыптастыратын пәндердің атауы
Мамандық кәсіптік-техникалық бағдарламаның білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері (ОН) Дүниетанымдық, адамгершілік және салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады	Адам және қоғам – дүниетанымның және қоғамдық-саяси білімнің негізі	Қазақстан тарихының, философияның, әлеуметтік-саяси білімдердің негізгі заңдылықтарын өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендіру және бейімделу үшін қолданады, қазіргі заманда ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады	Қазақстан тарихы Философия Дене шынықтыру Әлеуметтік-саясаттану Білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)
Мамандық кәсіптік-техникалық бағдарламаның білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері (ОН) Тұлғааралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады	Ақпараттық-коммуникативтік модуль	Қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасай алады	Шетел тілі Қазақ (Орыс) тілі
Мамандық кәсіптік-техникалық бағдарламаның білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері (ОН) Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.		Ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату үшін ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың әртүрлі түрлерін меңгереді	Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар
Мамандық кәсіптік-техникалық бағдарламаның білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері (ОН) Негізделген шешімдер қабылдау, жобаларды әзірлеу және кәсіби қызметті ұйымдастыру үшін экономикалық, құқықтық және экономикалық негіздері және	Экономикалық ғылым негіздері	Экономикалық, құқықтық және қаржылық қолдана отырып, типтік кәсіби міндеттерді шешу үшін жүйелі білім мен практикалық	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01 - 18-2025	
	Білім беру бағдарламасы	

Санлық құзыреттілік (Digital skills)	қаржылық құралдарды қолданады	дағдыларды көрсетеді, қызмет нәтижелері үшін жауап береді және заңнама мен этикалық нормалар шеңберінде әрекет етеді.	негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)
	ОН2 Ұйымның тиімділігіне ішкі және сыртқы факторлардың әсерін талдау үшін экономикалық теория, микро, макро және халықаралық экономика құралдарын, ғылыми зерттеу әдістерін қолданады	Экономикалық ғылым негіздері	Микро және макро деңгейде, халықаралық экономикада экономикалық процестер мен құбылыстарды сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді талдайды
ОН3 Заманауи цифрлық технологияларды, ақпаратты өндеуді, жасанды интеллектті кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында қолданады	Экономика және бизнес	Экономика және бизнес	Халықаралық экономика
	Қаржы, есеп және стратегиялар	Экономикалық талдау және инвестицияларды басқару	Экономикалық саясат
ОН4 Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің бастапқы	Ұйымдастырушылық-басқарушылық	Ұйымдастырушылық-басқарушылық	Мінез-құлық экономикасы
	Қаржы, есеп және стратегиялар	Қаржы және басқару қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ақпаратты жинау, өндеу және талдау үшін заманауи цифрлық технологияларды, автоматтандыру жүйелерін және жасанды интеллект құралдарын пайдалануды	1С-Кәсіпорын
ОН4 Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің бастапқы	Экономикалық ғылым негіздері	Экономикалық ғылым негіздері	Сандық экономика Электрондық үкімет
	Ұйымдастырушылық-басқарушылық	Ұйымдастырушылық-басқарушылық	Жасанды интеллектке кіріспе Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу
			Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект Экономикадағы математика Статистика




<p>деректерін және сыртқы ақпаратты жинаудың, талдаудың және өңдеудің экономикалық және статистикалық әдістерін қолданады</p> <p>ОН5 Өнімді өндіру мен өткізудің, инвестициялау мен өнімнің жаңа түрлерін, прогрессивті техника мен технологияны игерудің шығындарын есептеуді жүзеге асыра отырып, экономикалық процестерді талдайды</p>	<p>Қаржы, есеп және стратегиялар</p> <p>Салалық және өңірлік экономика</p> <p>Қаржы, есеп және стратегиялар</p> <p>Ұйымдастырушылық-басқарушылық</p> <p>Экономикалық талдау және инвестицияларды басқару</p> <p>Экономика және бизнес</p> <p>Экономикалық жоспарлау және цифрлық технологиялар</p> <p>Қаржы, есеп және стратегиялар</p> <p>Салалық және өңірлік экономика</p> <p>Экономикалық жоспарлау және цифрлық технологиялар</p> <p>Экономика және бизнес</p>	<p>Статистикалық талдау әдістері және оларды әлеуметтік - экономикалық құбылыстар мен процестердің жай-күйі мен даму перспективаларын бағалауда қолдану туралы білім жүйесін көрсетеді</p> <p>Инвестициялық процестерді талдау, экономикалық тиімділікті есептеу және инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдерді бағалау үшін қор нарығының құралдарын қолданады.</p> <p>Сақтандыру, лизингтік және инновациялық жобалардың экономикалық тиімділігін талдайды, шығындарды есептеуді және жаңа технологиялар мен өнімдерді игеруге инвестицияларды негіздеуді жүзеге асырады.</p> <p>Экономиканың жекелеген салалары мен салаларының экономикалық көрсеткіштері мен даму ерекшеліктерін талдайды, олардың тиімділігі мен өсу әлеуетін бағалау үшін салалық әдістерді қолданады.</p> <p>Негізделген әлеуметтік-экономикалық шешімдер қабылдау үшін жұмыспен қамту, жұмыссыздық және еңбек ресурстарын қалыптастыру факторларын бағалай отырып, еңбек нарығының жай-күйі мен динамикасын талдайды.</p> <p>Бизнес-жоспарлардың экономикалық бөлімдерін дербес әзірлеу, ұйымның</p>	<p>Бухгалтерлік есеп Қаржы</p> <p>Бағалы қағаздар және биржалық іс</p> <p>Лизинг</p> <p>Сақтандыру</p> <p>Инновациялық менеджмент</p> <p>Баға беру</p> <p>Инвестициялық қызмет</p> <p>Шығындарды басқару</p> <p>Технология және инновация экономикасы</p> <p>Логистика</p> <p>Креативті экономика кешенінің агроөнеркәсіп экономикасы</p> <p>Өнеркәсіп экономикасы</p> <p>Әлеуметтік сала экономикасы</p> <p>Құрылыс экономикасы</p> <p>Еңбек нарығының экономикасы</p> <p>Кәсіпорын экономикасы</p> <p>Шағын және орта бизнесті</p>
<p>ОН6 Жекелеген салалар мен қызмет салаларының проблемалары бойынша экономикалық ақпаратты талдайды.</p> <p>ОН7 Ұйымның ресурстарын оңтайлы пайдалана отырып, қаржы-</p>	<p>Экономика және бизнес</p>	<p>Экономикалық жоспарлау және цифрлық технологиялар</p>	<p>Кәсіпорын экономикасы</p> <p>Шағын және орта бизнесті</p>


Кәсіби дағды (Hardskills)



<p>шаруашылық, өндірістік және қызмет (бизнес-жоспарларының) экономикалық бөлімдерін әзірлейді</p>	<p>Экономикалық жоспарлау және цифрлық технологиялар</p>	<p>ресурстарын тиімді пайдалану және қаржы-шаруашылық, өндірістік және коммерциялық қызметті жоспарлау қабілетін көрсетеді.</p>	<p>ұйымдастыру және Бизнесі жоспарлау және модельдеу Еңбекті жоспарлау, нормалау және оған ақы төлеу</p>
<p>ОН8 Басқару шешімдерін қабылдау және бағалау, экономикалық, қаржылық және ұйымдық - басқару модельдерін құру кезінде ақпаратты сандық және сапалық талдау құралдарын пайдаланады</p>	<p>Ұйымдастырушылық-басқарушылық Қаржы, есеп және стратегиялар Экономика және бизнес</p>	<p>Кәсіби қызметте тиімді басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін менеджмент саласындағы теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастырады. Ұйым ішіндегі процестерді жоспарлау және оңтайландыру дағдыларын, сондай-ақ жоспарлардың экономикалық бөлімдерін әзірлеуді қажет ететін сыртқы жеткізушілермен және клиенттермен өзара әрекеттесуді меңгерген</p>	<p>Менеджмент Мінез-құлық экономикасы Басқарушылық экономика Сапаны басқару Бизнесі жоспарлау және модельдеу Өндірістік тәжірибе 1</p>
<p>Экономикалық талдау және инвестицияларды басқару</p>	<p>Экономикалық талдау және инвестицияларды басқару</p>	<p>Ең тиімді басқару шешімдерін әзірлеуге және қабылдауға мүмкіндік беретін экономикалық процестердің мәні мен мазмұны, оларды бағалау әдістері мен көрсеткіштері туралы білімді қалыптастырады</p>	<p>Басқарушылық талдау</p>
<p>ОН9 Ұйым қызметінің заңдылығын уақтылы түзетуді және сақтауды қамтамасыз ете отырып, зерттеудің экономикалық-математикалық әдістерін, қаржы-экономикалық, бухгалтерлік және статистикалық есептілікті талдау, бағалау және мониторингтің әдістерімен қолданады</p>	<p>Экономикалық талдау және инвестицияларды басқару Қаржы, есеп және стратегиялар</p>	<p>Қаржылық-экономикалық есептілікті талдау, Компания құнын бағалау, салық есебін мониторингілеу және ұйымның қызметінің заңдылығын қамтамасыз ету үшін экономикалық-математикалық әдістерді қолдану дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Экономикалық талдау Компания құнын бағалау Өндірістік тәжірибе 2 ІС-Кәсіпорын Салықтар және салық салу</p>

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	

КД	ОН10 Тұрақты даму факторларының, экологиялық тәуекелдердің, тіршілік қауіпсіздігі деңгейінің, институционалдық, нарықтық және аумақтық инфрақұрылымның жай-күйінің Ұйымның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және стратегиялық шешімдер қабылдауға әсерін бағалайды.	Экономика және бизнес Қаржы, есеп және стратегиялар Ұйымдастырушылық-басқарушылық Экономикалық жоспарлау және цифрлық технологиялар Салалық және өңірлік экономика	Институционалдық жүйелерді талдау, жаһандық интеграция процестерін түсіну және нарықтық инфрақұрылымның экономикалық дамуға әсерін бағалау дағдыларын көрсетеді. Қалалар мен өңірлердің тұрақты дамуына әсер ететін факторларды талдау және бағалау дағдыларын, сондай-ақ экономикалық қауіпсіздік пен әлеуметтік-экономикалық жүйелерді дамыту стратегияларын ескере отырып шешім қабылдау қабілетін көрсетеді. Ағымдағы экономикалық жағдайды ескере отырып бизнесті жүргізудің тиімді әдістерін қолдану және сыртқы экономикалық қызмет бағыттарын таңдау туралы шешім қабылдау дағдыларын көрсетеді Маркетингтік аспектілерді, дағдарысқа қарсы іс-шараларды және стратегиялық басқаруды ескере отырып, ұйымның оңтайлы дамуы үшін нақты болжамдар мен стратегияларды әзірлеуді біледі.	Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі Институционалдық экономика Нарықтық инфрақұрылым Экономикалық қауіпсіздік Қала экономикасы Өңірлік даму экономикасы Фирмалардың сыртқы экономикалық қызметі Өндірістік тәжірибе/Дипломалды тәжірибе Халықаралық бизнес Стратегиялық менеджмент Стратегиялық маркетинг Кәсіпорынның дағдарысқа қарсы саясаты Кәсіпорындардағы экономикалық тәуекелдер Дипломдық жұмысты жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
ОН1 – ОН12	Қорытынды аттестаттау	Қаржы, есеп және стратегиялар Экономикалық жоспарлау және цифрлық технологиялар	Дипломдық жұмысты орындайды және сәтті қорғайды немесе кешенді емтихандар тапсырады	Дипломдық жұмысты жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	

7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің өзара байланысы


№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптастырылатын оқу нәтижелері (кодтар)															
				ОНЖБҚ1	ОНЖБҚ2	ОНЖБҚ3	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12	
Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті																			
1	Қазақстан тарихы	Бағдарлама бес тақырыптық блоктан тұрады: Ежелгі адамдар, көшпелілер өркениетінің қалыптасуы, Түркі өркениеті және Ұлы дала, Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII – XX ғ. басы), Кенестік кезеңдегі Қазақстан, Тәуелсіз Қазақстан. Пән білім алушылардың – Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі дамуының негізгі кезеңдері туралы объективті білім беру.	5	+															
2	Философия	Осы бағдарлама "Философия" жалпы білім беру пәнінің жаңартылған мазмұнын зерттеуге, студенттердің бойында сананың ашықтығы, өзіндік ұлттық код, ұлттық сана-сезім, рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, реализм және прагматизм, сыни ойлау, білімге ұмтылыс қасиеттерін қалыптастыруға, олардың әділдік, намыс, еркіндік және тағы басқа дүниетанымдық ұғымдарды игеруіне, сонымен қатар, толеранттық құндылықтарын, мәдениетаралық сұқбат пен бейбіт өмір сүру мәдениетін нығайтуға және дамытуға бағытталған.	5	+															
3	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психология)	Осы бағдарлама әрқайсысының өз пәні, терминологиясы мен зерттеу әдістері бар төрт ғылыми пәнді – әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психологияны оқытуды көздейді. Аталған ғылыми пәндер арасындағы өзара әрекет ақпараттық толықтыру; біріктіру; осы пәндердің зерттеу ыңғайларының әдістемелік тұтастығы; нәтижеге бағытталған оқыту әдістемесінің жалпылығы; қалыптасқан	8	+															




6	Ақпараттық коммуникациялық технология	арналған. Бағдарлама "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" (бұдан әрі - пән) жалпы білім беретін пәннің жаңартылған мазмұнын зерттеуге бағытталған, сандық глобализация дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ролі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін қалыптастыру, жаңа "сандық" ойлау, әртүрлі қызметтік салада заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша білімдері мен дағдыларын қалыптастыру.	5	+	
7	Дене шынықтыру	Осы бағдарлама дене шынықтыруды әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестікте қарастыратын жалпы білім беретін "Дене шынықтыру" пәнін оқытуға бағытталған. Бағдарлама оқытушы мен білім алушының дене тәрбиесі барысында оқытудың барлық кезеңіндегі пәнді игеру деңгейіне қойылатын талаптар контекстіндегі бірлескен ынтымақтастығын анықтайды.	8	+	
8	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)	Интеграцияланған пән экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық негіздерін қамтиды. Негізгі экономикалық тұжырымдамаларды, бизнесті жүргізу қағидағтарын, қызметтің құқықтық аспектілерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздерін зерттейді. Қаржылық жоспарлаудың, жеке қаржы мен инвестицияларды басқарудың негізгі принциптерін қарастырады. Экономикалық шешімдерді тиімді қабылдау, құқықтық қорғау, тұрақты бизнес-құзыреттерді қалыптастыру және жеке қаржыны басқару дағдыларын дамытуға ықпал етеді.	5	+	




Базалық пәндер циклі											
Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті											
9	Макроэкономика	Макроэкономикалық процестер туралы білімді қалыптастыру: ұлттық өндіріс, бағаның жалпы деңгейі, жұмыспен қамту, циклдік, экономикалық өсу және кейнсиандық және классикалық теорияның постулаттарын қолдану мүмкіндігі. Әр түрлі макроэкономикалық модельдер шеңберінде фискалдық және монетарлық саясаттың макроэкономикалық тепе-теңдікке әсеріне экономикалық талдау жүргізу және алынған нәтижелерді түсіндіру.	5	+							
10	Экономикадағы математика	Экономикалық есептерді модельдеуге және шешуге мүмкіндік беретін математикалық әдістерді меңгеру. Бұл курс студенттердің экономика мен бизнестегі басқару мәселелерін шешуде математикалық модельдеу әдістерін талдау, қолдану қабілетін дамытатын аналитикалық геометрия элементтерін, математикалық талдауды, ықтималдық теориясы элементтерін және математикалық статистиканы зерттеуге бағытталған.	4	+							
11	Менеджмент	Пәнді оқытудың мақсаты студенттердің менеджмент саласында теориялық білім мен практикалық дағдыларды игеруі болып табылады, бұл кәсіби қызметте тиімді басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді. Ұйымның сыртқы және ішкі ортасын талдай отырып, ұйымның жеке және топтық мінез-құлқына тиімді әсер етудің заманауи технологияларын меңгере отырып, кәсіби функцияларды іске асыруға байланысты мақсаттар қою және міндеттерді тұжырымдау жолын айқындайды.	6						+		
12	Микроэкономика	Курс тұтынушы мен өндірушінің мінез-құлқын және олардың оптимумын, нарықтық сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігін, фирманың әртүрлі нарықтық құрылымдардағы тепе-теңдігін, ресурстарды оларды	5	+							

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	


	<p>нысандарындағы ұйымдардың экономикалық қызметін талдауға және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпараттық қамтамасыз етуді қалыптастыруға мүмкіндік береді.</p>		
35 Қаржы	<p>Пәннің мақсаты-студенттерде қаржының тарихи экономикалық категория ретіндегі мәні, қазіргі нарықтық экономикадағы қаржының ролі және бюджеттерді жоспарлауда, қаржылық бақылауда және т.б. қаржы маманы ретінде практикалық дағдыларды қолдану, сондай-ақ бюджеттің кірістері мен шығыстарының құрылымын талдаудың сандық әдістерін қолдану туралы түсінік қалыптастыру.</p>	5	+
36 Баға беру	<p>Пәнді оқытудың мақсаты баға теориясы, әртүрлі баға түрлерін есептеу техникасы саласында құзыреттіліктерді қалыптастыру; экономикалық ойлауды дамыту және тәуелсіз тиімді баға шешімдерін әзірлеу болып табылады. Қазіргі заманғы баға жүйесінің тұжырымдамалық аппараты мен әдіснамасын және бағаны есептеудің әдіснамалық негіздерін біледі.</p>	5	+
Бейндеуші пәндер циклі			
Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті			
37 Инновациялық менеджмент	<p>Пәнді игерудің мақсаты инновациялық процестің мазмұны мен құрылымын зерттеу, инновацияларды басқарудың әртүрлі аспектілерін, соның ішінде трендтерді талдауда, бизнес-процестерді оңтайландыру мен тәуекелдерді бағалауда жасанды интеллектті (ЖИ) қолданып, зерттеу болып табылады. Студенттер корпоративтік инновациялық стратегияларды талдау, жобалардың тиімділігін бағалау, қаржыландыруды іздеу дағдыларын игереді, сондай-ақ компанияішілік инновацияларды жоспарлау жүйесінің ұйымдық құрылымын құру әдістерін үйренеді.</p>	5	+
38 Экономикалық	<p>Ұйымдарды басқарудың маңызды функциясы ретінде</p>	5	+

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	

42	Инвестициялық қызмет	<p>бағаны айқындау тәсілдерін, сыртқы экономикалық қызметті және оның тиімділігін талдау әдістерін меңгеру.</p> <p>Курс жаңа инвестициялық идеология мен басқару мәдениетін қоса алғанда, нарықтық экономикадағы инвестициялық қызметті басқарудың заманауи әдістері туралы экономикалық білім жүйесін қалыптастырады. Білім алушылар цифрлық инвестициялық құралдарды, тәуекелдерді талдау және болжау үшін жасанды интеллект технологияларын, сондай-ақ отандық және халықаралық тәжірибеде қолданылатын автоматтандырылған модельдерді меңгереді.</p>	5	+														
43	Креативті экономика	<p>Курстың мақсаты білім алушылардың тапқырлық пен шығармашылықпен байланысты экономика саласы, экономика мен мәдени саланың өзара байланысы, экономикалық тиімділікті арттыру үшін мәдени дипломатия технологиясын пайдалану әдістері туралы түсінік алу болып табылады. Курс креативті индустриялар мен креативті кәсіпкерлік саласындағы экономикалық көрсеткіштерді талдау, оның ішінде әртүрлі салалардағы арт-кластерлерді дамыту дағдылары мен дағдыларын қалыптастырады</p>	5	+														
44	Компания құнын бағалау	<p>Компанияның құнын бағалау және қазіргі заманғы компанияның құнын басқару принциптері мен әдістері, экономика саласындағы негізгі ұғымдар туралы білім жүйесін қалыптастыру. Тіптік әдістемелер мен қолданыстағы нормативтік-құқықтық база негізінде экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді, жоспарларды әзірлеу және басқару шешімдерін негіздеу үшін қажетті деректерді жинау және өңдеу дағдыларын есептеу үшін практикалық дағдыларды игеру.</p>	5															
45	Еңбекті жоспарлау, нормалау және оған	<p>Курстың мақсаты-заманауи әдістерді қолдана отырып, кәсіпорындарда ұйымдастыру, нормалау және еңбекақы</p>	5															


«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	

	Қазақстан Республикасында электрондық үкіметтің тұрақты жүйесін құру шеңберінде ведомстваралық ынтымақтастық стратегияларын түсіну.						
Minor							
63 Жасанды интеллектке кіріспе	Пән заманауи жасанды интеллект жүйелерінде қолданылатын негізгі ұғымдарды, әдістер мен технологияларды зерттеуге бағытталған. Курс жасанды нейрондық желілерді, машиналық оқытуды, терең оқытуды және компьютерлік көру, табиғи тілді өңдеу, робототехника және ойын өнері сияқты әртүрлі салаларда қолданылатын қолданбалы алгоритмдер мен модельдерді қарастырады. Курс аяқталғаннан кейін студенттер жасанды интеллект әдістерін қолдана отырып, есептерді талдауға және шешуге қабілетті.	5		+			
64 Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект	Пән жасанды интеллект жүйелерінің негізгі ұғымдары мен принциптерін, сондай-ақ олардың объектілерді басқаруда қолданылуын зерттейді. Объектілерді тиімді басқаруға арналған жасанды интеллект әдістері мен технологиялары. Курсты аяқтағаннан кейін студенттер объектілерді сәтті басқару үшін қажетті дағдылар мен білім алады.	5		+			
65 Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу	Пән адам миының жұмысын имитациялайтын математикалық модельдер болып табылатын нейрондық желілерді құру және оқыту әдістерін зерттеуге бағытталған. Бұл пәнді оқу барысында студенттер нейрондық желілердің әртүрлі түрлері, олардың құрылымдары және оқу алгоритмдері туралы біледі. Курс аяқталғаннан кейін студенттер жасанды интеллект пен машиналық оқытудың әртүрлі мәселелерін шешу үшін нейрондық желілерді құруға, оқытуға және қолдануға қабілетті болады.	5		+			


«Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
	Білім беру бағдарламасы	

8 Модуль шеңберінде оқытудың жоспарланған нәтижелерін бағалау технологияларымен және оқыту әдістерімен үйлестіру


Оқыту нәтижелерінің саны (ОН)	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері	Бағалау технологиялары (құралдары)	Оқыту және сабақ беру әдістері
ОН1	Экономикалық, құқықтық және қаржылық құралдарды қолдана отырып, типтік кәсіби міндеттерді шешу үшін жүйелі білім мен практикалық дағдыларды көрсетеді, қызмет нәтижелері үшін жауап береді және заңнама мен этикалық нормалар шеңберінде әрекет етеді.	Тестілеу, кейс-тапсырма, бақылау жұмысы, ситуациялық тапсырмалар, ауызша сұрау, мини-жоба, жазбаша тапсырма, шешімдерді рецензиялау, презентация, өзіндік жұмыс, іскерлік және рөлдік ойындар, дискуссия, жобалық қызмет.	Тест сұрақтары, кейс талдау, мини-жобаны қорғау, ситуациялық тапсырмаларды шешу, миға шабуыл, құқықтық немесе қаржылық тақырыптағы жазбаша жұмыс, кәсіби үлгілік шешімді таныстыру, құқықтық және қаржылық құжаттармен практикалық сабақтар, типтік жағдайларды модельдеу, шағын топтарда жұмыс, проблемалық оқыту, кәсіби жағдайларды талдау, семинар-дискуссиялар, жобалық оқыту.
ОН2	Микро және макро деңгейде, халықаралық экономикада экономикалық процестер мен құбылыстарды әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді талдайды	Тестілеу, жобалық қызмет, практикалық тапсырма, презентация, бақылау жұмысы, ауызша сұрау, цифрлық платформадағы өзіндік жұмыс, электрондық портфолио, кейс-тапсырма, цифрлық шешімдерді рецензиялау, модельдеу, IT-құралдар бойынша интерактивті квиз.	Тест сұрақтары, цифрлық жобаны қорғау, IT-ортада практикалық тапсырма орындау, ЖИ/автоматтандыруды пайдаланып шешімді таныстыру, деректерді цифрлық талдау бойынша бақылау жұмысы, цифрлық құралдармен практикалық сабақтар, жобалық оқыту, цифрлық трансформация бойынша кейс-стади, IT-шешімдер арқылы бизнес-процестерді модельдеу, ЖИ-платформалармен жұмыс (ChatGPT, аналитикалық боттар), цифрлық шешімдерді топтық әзірлеу, тапсырмаға негізделген оқыту, цифрлық сауаттылық бойынша тренинг, цифрлық кейстерді талдау, flipped classroom (аударылған сынып).
ОН3	Цифрлық экономиканың негізгі принциптері мен әдістерін және оларды кәсіпкерлік қызметтің әртүрлі салаларында қолдануға қабілетті. Цифрлық технологиялардың әртүрлі түрлерін түсінуді, олардың ақпаратты	Жобалық қызмет, электрондық портфолионы бағалау, тестілеу, IT-құралдарды қолданумен практикалық тапсырмалар, интерактивті квиздер, деректерді талдау бойынша бақылау жұмысы,	Жобаны қорғау, тәжірибеге бағытталған оқыту, жобалық оқыту, цифрлық құралдар мен бағдарламалармен жұмыс, практиктерден мастер-класстар, шағын топтарда жұмыс, тест сұрақтары, тапсырмалар мен симуляциялар арқылы оқыту, аударылған сынып.

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	


	өңдеу мен қорғауда қолданылуын көрсетеді	цифрлық платформаларда тапсырмаларды орындау туралы есептер, деректер талдауын ауызша қорғау, кейстермен жұмыс, зертханалық жұмыстар.	
ОН4	Статистикалық талдау әдістері және оларды әлеуметтік - экономикалық құбылыстар мен процестердің жай-күйі мен даму перспективаларын бағалауда қолдану туралы білім жүйесін көрсетеді	Есептеулері бар бақылау және практикалық жұмыстар, кейстер, тестілеу, жеке тапсырмалар, жобалық қызмет, есептеулері мен қорытындылары бар электрондық кестелер, әдіснама бойынша ауызша сұрау, қысқа аналитикалық есептер жазу, интерактивті тапсырмалар.	Есептік-аналитикалық тапсырмаларды шешу, қаржылық-статистикалық деректермен кейс-әдіс, аналитикалық тапсырмалары бар тесттер, практикалық сабақтар, жеке тапсырмалар мен жобаларды қорғау, кейс талдау, жеке мини-зерттеулер, бастапқы және қайталама есептілікпен жұмыс, проблемалық оқыту, бухгалтерлік және қаржылық құжаттарды талдау, экономикалық жағдайларды модельдеу, жобалар арқылы оқыту.
ОН5	Инвестициялық процестерді талдау, экономикалық тиімділікті есептеу және инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдерді бағалау үшін қор нарығының құралдарын қолданады. Сақтандыру, лизингтік және жобалардың инновациялық жобалардың экономикалық тиімділігін талдайды, шығындарды есептеуді және жаңа технологиялар мен өнімдерді игеруге инвестицияларды негіздеуді жүзеге асырады.	Жобалық қызмет, кейстерді орындау, практикалық тапсырмалар, іскерлік ойындар, тестілеу, бақылау жұмыстары, цифрлық платформаларды пайдалану, шешімдерді ауызша талдау, аналитикалық анықтамаларды ұсыну, жеке есептеулер, тапсырмалар портфолиосы.	Жобаны қорғау, кейс-әдіс, есептерді шешу, инвестициялық көрсеткіштерді есептеу (NPV, IRR, PI және т.б.), есептік тапсырмалары бар тесттер, биржалық симуляторлар мен қор нарығының онлайн-платформаларымен жұмыс, инвестициялық шешімдерді модельдеу, жобалық оқыту, нақты қаржылық есептілікті талдау, бизнес-жоспарларды талдау, типтік жағдайларды зерделеу, топтық жобаларды таныстыру.
ОН6	Экономиканың жекелеген салалары мен салаларының экономикалық көрсеткіштері мен даму ерекшеліктерін талдайды, олардың тиімділігі мен өсу әлеуетін бағалау үшін салалық әдістерді қолданады.	Салалық аналитикалық есеп жазу, жобалық қызмет, тестілеу, бақылау жұмысы, практикалық тапсырмалар, салалық кейстерді ауызша талдау, деректерді визуализациялау және интерпретациялау (графиктер,	Статистикалық деректерді талдау, кейс-әдіс, салалық есептер мен болжамдармен жұмыс, жобаны қорғау, пікірталастар, жобалық оқыту, саланың немесе еңбек нарығының дамуын модельдеу, аналитикалық тапсырмалары бар семинарлар, зерттеушілік мини-жобалар, ашық деректер базаларымен жұмыс (Ұлттық

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	БББ 26/01-18-2025	
Білім беру бағдарламасы	4 басылым	


	Негізделген әлеуметтік-экономикалық шешімдер қабылдау үшін жұмыспен қамту, жұмыссыздық және еңбек ресурстарын қалыптастыру факторларын бағалай отырып, еңбек нарығының жай-күйі мен динамикасын талдайды.	кестелер), Excel-де тапсырмаларды орындау, презентация, себеп-салдарлық талдау, салыстырмалы бағалау.	статистика бюросы және т.б.).
ОН7	Бизнес-жоспарлардың экономикалық бөлімдерін дербес әзірлеу, ұйымның ресурстарын тиімді пайдалану және қаржы-шаруашылық, өндірістік және коммерциялық қызметті жоспарлау қабілетін көрсетеді.	Жобалық қызмет, қаржылық-шаруашылық қызмет бойынша есептік тапсырмалар, бақылау жұмысы, жобаны таныстыру, практикалық тапсырмалар, топтық жобалар, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау, портфолио, типтік қателерді талдаумен ауызша сұрау, ұйымдастырушылық-экономикалық жағдайларды модельдеу.	Жобаны қорғау, жобалық оқыту, кейс-әдіс, іскерлік ойындар, нақты бизнес-жоспарларды талдау, практикалық сабақтар, рентабельділік пен өтімділікті бағалау, тестілеу, топтық жобаларды сараптамалық бағалау, тренинг, проблемалық оқыту, шешім іздеу үшін миға шабуыл.
